

Қарағанды облысының Қаражал қалалық Қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 1994 жылы туған азаматтарды тіркеу жүргізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 2 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 желтоқсанда N 8-5-104 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімінің 2011 жылғы 23 мамырдағы N 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімінің 2011.05.23 N 2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына сәйкес Қаражал қаласының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Азаматтарды әскери есепке қабылдау, олардың санын, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білім деңгейін, мамандығын белгілеу және дене даярлығы деңгейін анықтау мақсатында 2011 жылдың I-ші тоқсанында қаңтардан наурызға дейін Қазақстан Республикасының 1994 жылы туған, сондай-ақ одан үлкен жастағы шақыру учаскесіне бұрын тіркелмеген азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

2. Қаражал қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы (Қ.С. Тәттімбеков келісім бойынша) Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18 бабының 3 тармағына сәйкес әскери есепке тұруға байланысты әскери міндеттерін орындаудан жалтарушыларды іздестіруді, ұстауды жүргізсін және қажет болған жағдайда әскери есепке алынуға байланысты Қорғаныс істер жөніндегі қамтамасыз етсін.

3. Жәйрем және Шалғы кенттерінің әкімдері, оқу орындардың, кәсіпорындар мен мекемелердің басшылары 1994 жылы туған азаматтарды шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

4. Қаражал қаласының әкімінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы N 6 "Қарағанды облысының Қаражал қалалық Қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 1993 жылы туған азаматтарды тіркеу жүргізу туралы" шешімінің (2009 жылғы 25 желтоқсандағы мемлекеттік тіркеу нөмері 8-5-81, 2009 жылы 26 желтоқсанда N 52 "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п с а н а л с ы н .

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Қаражал қаласы әкімінің

орынбасары А. Құрмансейітовке жүктелсін.

6. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаражал қаласының әкімі

Ғ. АШИМОВ

КЕЛІСІЛДІ

*Қорғаныс істер жөніндегі
бөлімі бастығы
Д. Көпжасаров*

2010 ж. 13 желтоқсан

*Ішкі істер бөлімінің бастығы
Қ. Тәттімбеков*

2010 ж. 13 желтоқсан